

[9] Корейская диаспора и стратегии Республики Кореи по взаимодействию с ней // <https://www.sibran.ru/upload/iblock/816/816135e9aa73e586fc8e45d244a85d48.pdf> [дата обращения 31.03.22]

УДК 904

БАТЫС ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ ШЕГІНДЕГІ ҚАЛА-КЕНТТЕР: ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША

Калыбекова Индира Алхамовна

indira_k_97@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану мамандығының 1 курс магистранті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қайыркен Т.З.

Аннотация. Қытай мен Орталық Азия халықтары арасындағы қарым-қатынастар нығайған кезеңдерде көптеген қытай миссионерлер, елші дипломаттар, саудагерлер, тағысын тағылар Ұлы Жібек жолы арқылы Орталық Азияға саяхат жасаған. Осылайша олар өздері басып өткен өлкелер туралы көрген-білгендерін қағаз бетіне түсіріп отырған. Бұл естеліктердің кейбіреуі қытай патшасына жіберілген мәліметтер ретінде қытайдың сарайлық тарихнамасына енгізіліп, әйгілі «Ресми жиырма төрт патшалық тарихындағы» Орталық Азияға қатысты тараулардың негізін құраған болса, тағы біраз бөлігі бейресми еңбектер ретінде жарық көрген. Түркілер өзінің дамуында көптеген елдермен кең экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды орната білді.

Түркі қағанаты мен Таң патшалығы арасындағы қарым-қатынасты түрлі кезеңдерге бөлу және әрбір кезеңдегі екі жақты қатынастың түпкі сипатына, ерекшелігіне үңілу – көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбаларын түп мәнінен түсінуге, олардың пайда болуына себеп болған тарихи оқиғаларды тереңірек талдауға және сол кездегі Солтүстік Қытай мен Орта Азиядағы геосаяси жағдаймен ішкерілей танысуға мүмкіндік береді.

Түркі қағанаты 552 жылы құрылғаннан кейін, ол тез арада көркейіп, ірі мемлекетке айналды. Шығыстағы Қытай мен батыстағы Парсы мемлекеті оның даңқынан сескенетін. Себебі Түркі қағанаты сол кездегі әйгілі бірнеше ұлыстарды қолына қаратты. Француз тарихшысы Рене Груссе: «Қытайша деректерге негізделгенде түркілер бөріні төтем тұтады. Олар ғұндардың ұрпақтары. П.Пеллионның пікірінше ғұндардың бойында түріктерге тән кейбір ерекшеліктер бар» деген еді. [1,81]

Түркілердің тарих сахнасына шығуы

Түркілердің шығу тарихына байланысты шыққан аңыздардың басым бөлігі оларды географиялық тұрғыдан қазіргі Шығыс Түркістанның солтүстік-шығысымен байланыстырады. Бұл негізінен Қытайдың Тянь-Шань тау сілемінің солтүстік-шығыс тарапы болып табылады. Қытай деректері бұл өңірді түріктердің ата-бабасынан өсіп-өнген, тіршілік еткен және басқа этностармен күресе жүріп тарих сахнасына шыққан аймағы ретінде көрсетеді. Олай болса біз сол аңыздар мен географиялық атауларға назар аударайық.

Түркілердің шығу тегі туралы Таң дәуіріндегі тарихшы Ли Яншоудың «Солтүстік хандықтар тарихы» атты еңбегінде оларды Батыс теңіздің оң қанатындағы ұрпағы дейді. Осында автор илилерді Батыс теңіздің оң жағында жасаған әрі ғұндардың басқа бір әулетінен тараған тәуелсіз түркі тайпасы ретінде сипаттайды. Бұл тіркестен солайша «теңіздің оң жағындағы тәуелсіз тайпа» деген мағына шығады. Кітапта жазылуынша олардың тегі Ашина. Кейін көрші тайпалардың тарапынан талқандалып, жойылып кетеді. «Солтүстік хандықтар тарихындағы» аңызда ғажайып күштің көк бөріні Идіқұттың солтүстік-батысындағы тауға жеткізуі назар аударған. Бұл тау географиялық жайғасымынан қарағанда қазіргі Боғда тауына тура келеді. «Боғда» сөзі көне түрікше «Тәңір» немесе «Тәңірдің тұрағы», «Тәңірдің тағы» деген сөздің баламасы. Яғни, киелі тау деген ұғымды білдіреді. Оның киелі болуы бөрі аңызымен байланысты. Демек, ол түркілердің киелі төтемі Көк Бөрінің ұялап, балалаған жері. Мұндайда Қытай деректері мен түркілердің көне нанымдары бірін бірі толықтай дәлелдей түседі. Аңыз бойынша түркілер сол Көк Бөріден тарайды.

Тағы бір аңыз Чансун-Уцзидің «Суй кітабының» 84 орамында жазылған. Онда былай делінеді: түріктер Пинлянда жасаған Ху нәсілінің ұрпағы. Олардың әулет есімі Ашина Вэй әулетінің Тай У патшасы цзюй-цзюйлерді талқандағанда Ашина бес жүз отбасын ертіп жоужандарға барып паналайды. Осылайша Алтай тауын мекендеп, жоужандарға темірші құл болады. Алтай тауының пішіні дулығаға ұқсайтындықтан, оның үстіне, ертеден дулыға «түрік» деп те аталғандықтан, олардың аты түрік сөзі олардың атына айналды. Бұл деректе бірден түркілердің ата-бабасы Пинляндық араласпа ху нәсілінен дейді. Кейбір ғалымдар түріктердің ата-бабасы Хэси дәлізі жақтан келді дегенге күдікпен қарайды. Хэси дәлізі тарихта көптеген көшпенді тайпалардың қысқы жайылымы болған. Өмірлік тәжірибелеріне сүйене келе, көшпенді халықтар келесі қыстың қалай болатыны туралы болжам жасау қабілетіне ие еді. [2, 41-42 б.]

Ұлы Түрік қағандығы 603 жылы ыдырауының нәтижесінде пайда болған ерте ортағасырлық түркілер мемлекетінің бірі – Батыс Түрік қағанаты туралы баяндайық. Ұлы Түрік қағанатындағы саяси және әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, оның дербес мемлекет болуға ұмтылған жеке бөліктерінде оқшаулану үрдісінің күшеюі Шығыс және Батыс қағандықтардың құрылуына алып келді. Жылнамашылардың жазбаларында Батыс Түрік қағандығы негізінен бұрынғы үйсін жерлерінде қоныстанған, яғни, оның аумағы Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жерлерді алып жатты. Қағанаттың негізгі саяси ұйытқысы – «он тайпа» он оқ будун да осы жерді мекендеген. Бұл «он тайпа» жүйесінде бес жебе *дулу* тайпалары (қағанның ордасы болған Суябтың шығысындағы Іле мен Шу өзенінің аралығын мекендеген), бес жебе *нушуби* тайпалары (Шудың оңтүстік-батысын) мекен еткен. Сонымен қатар, ол Түрік қағанатының Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы (Самарқанд, Маймург, Кеш, Иштихан, Бұхара, Амул және Андхой) отырықшы-егіншілік жұрттарындағы басып алған барлық жерлердің мұрагері болды. Батыс Түрік қағанатының негізін қалаған қаған – Бумынның інісі Істеми жағбу қаған болды. [3] Істеми қағанның билігі тұсында түркілер ең гүлденген тұсына айналып, күш-қуаты асып тұрған кезең болды. Істеми қаған 552-553 жылдардан бастап батысқа жорық жасаған түрік әскерлерінің қолбасшысы болды. Ол осы жорығында Жоңғария мен Жетісу өңіріндегі және Сырдария алқабындағы түркі тілдес тайпалар мен ұлыстарды өзіне бағындырды. Батыс Түрік қағандығының территориясы: Алтай тауынан Тянь-Шань тауына дейін шығыста Баркөлден бастап Батыста Арал теңізі мен Каспий теңізіне дейін созылған кең алқапты алып жатты. Осынау ұлан-байтақ территорияны мекен еткен түркі тілдес тайпалар: үйсін, қаңлы, дулат, түркеш, теле, басмыл, қыпшақ, оғыз тағы да басқа тайпалар Батыс Түрік қағандығының құрамына қосылды. [4, 40 с.]

Ұлы Тан әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбаларға келетін болсақ, Қытайда ХХ ғасырдың басында Дин Цзяньның «Ұлы Тан әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар. Географиялық зерттеулер» деген еңбегі жарияланды. 1985 жылы Пекиндегі «Чжунхуа Шуцзюй» баспасынан жалпы редакциясын Цзи Сянлиннің басқаруымен «Ұлы Тан әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар. Түсіндірмелер» деген атпен, ал 1995 жылы Гуйчжоу «Халық» баспасынан Жуй Чуаньминнің «Ұлы Тан әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалардың толық аудармасы» деген атпен еңбектің көне қытай тіліндегі түпнұсқасы және қазіргі қытай тіліндегі толық аудармасы мен түсіндірмелері жарияланды. Сонымен қытай деректерінде көрсетілген қалаларға біраз тоқталайық.

Агни мемлекеті. Ең алдымен Байырғы Гаочан мемлекетіне ең жақын орналасқан ел – Агни мемлекеті туралы баяндайық. Агни мемлекетінің аумағы шығысынан батысына дейін 600 лиден астам, оңтүстігінен солтүстігіне дейін 400 лиден астам келеді. Байтақ астана қаласының аумағы 6-7 ли. Бұл мемлекеттің жері құнарлы. Онда тары, қонақ, күзбидай, жүзім, алмұрт, алма ағашы сияқты дақылдар мен жеміс-жидектер өсіруге жарамды. Елдің кемелді заң-жарғысы жоқ, бұйрықтар мен жарлықтар қатаң орындала бермейді. Елде буддизм кеңінен таралған және он шақты будда ғибадатханасы мен екі мыңнан астам будда монахы бар. Олар буддизмнің Хинаяна бағыты Сарвастивада ағымын ұстанады. Сарвастивада – буддизмдегі Хинаяна бағытындағы жиырма ағымның бірі. Буддизмнің ном-бітіктері мен қағида-ережелері түгелдей Үндістаннан келгендіктен, бұл дінді ұстанушылар оны үндіше түпнұсқа бойынша оқып, зерделейді.

Суйаб мемлекеті. Аньсиден батыс солтүстікке қарай мың лиден астам жерде Бодалин тауы деп аталатын асқар тау бар, осы таудың түстік жағы Ұлы Тан патшалығының солтүстік жақ шекарасымен шектесіп жатады, ал таудың терістік жағы Түркеш жерінің түстік жақ шекарасы болып келеді. Оңтүстік жақтағы Цунлин жоталарына дейінгі жол екі мың лиден асады. Таудың күнгей бетінен бастау алған өзен-дариялар дерліктей Чжунго жерін басып өтіп Шығыс теңізге барып құяды. Тау теріскейінен бастау алған өзендер мен дариялар Ғулардың жерінен бастап ағып, Солтүстік теңізге барып құяды. Бұл өзеннің батыс жағы Шаш мемлекетінің жерімен тұтасады. Өзеннің жалпы ұзындығы мың ли қашықтыққа дейін созылып жатады. Өзен бойын жағалай бөгде ұлыстар мен түріктердің өзге тайпалары қоныстанған. олардың өз алдарына неше түменнен қолдары болады, өзеннің екі жағалауында қалалар мен кенттер жиі кездесіп отырады. Осынау ұлыстар мен тайпалардың арасында әр түрлі қақтығыстар да жиі-жиі қайталанып тұрады. Сондықтан жайшылықта жер өңдеуші диқандар қауымының өзі қарау-жарақ асынып жүреді. Өздері қарақшылық пен ұрлық-зорлыққа бейімдеу келеді. Қарулы қақтығыстарда қолды болған тұтқындарды өздеріне құл ретінде пайдалана береді. Аталмыш өзеннің батыс жақ бөлігінде Талас атты қала бар. Ол қала Шаш еліндегі үлкен қалалардың бірі саналады. Тяньбао жылдарында Гао-Сяньчжидің соғыста жеңілген жері осы жер еді. Бұл жерден күнбатыс жақтағы Батыс теңізге дейін созылып жатқан аймақтарда наурыз айынан қыркүйекке дейінгі мезгілде жауын-шашын тым аз болып, жаз бойына ауа құрғақ болғандықтан егістік жерлер түгелімен қар суымен суарылады.

Талас. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Тараз шаһары керуен жолы басып өтетін үлкен ауылшаруашылық аудан – Талас аңғарындағы басты қаланың бірі болған. Исфиджафтан шығатын Жібек жолы Таразға Шараб, Тамтадж, Жувикат сияқты елді мекендер арқылы өтетін. Талас аңғарындағы ірі қалалардың бірі Атлах болған. Әл-Мақдиси оны былай сипаттайды: «Атлах – үлкен қала, ауданы жағынан бас шаһарға тең келеді, айналасы қабырғалармен қоршалған. Жерінің басым көп бөлігінде – бақ, жүзімдіктері көп.

Үлкен мешіт мединеде, базарлары рабатта орналасқан. Бұл Атлах жері туралы Махмұд Қашғаридың мәліметінде: «Атлах – Таразға жақын тұрған бір қаланың аты», – дейді. [6]

Шаш мемлекеті қаласы. Тағы бір атауы – Хэжчи бұдан басқа Давань деген тағы бір атауы бар. Тяньбао жылдарынла Чжэньси губернаторы Гао Сяньчжи олардың ханын әйелімен бірге тұтқындап астанаға жөнелткен еді. Ол аудан аумағында екі өзен бар. Оның бірі Чженчу деп аталады. Екіншісінің аты Чжихэ дария деп аталады. Бұл екі дарияның екеуі де батыс тарапқа қарай ағады.

Бахана [Ферғана] мемлекеті. Тараздың оңтүстік жағында мың лиден астам жерде орналасқан. Шығыс бөлігін асқар тау жоталары алып жатады. Бұл мемлекет батысында Шаш мемлекеті шамамен мың ли жерде. Ол елдің ондаған қаласы, түмен-түмен әскері бар. Ұлы Тан династиясының Тяньбао 751 жылы Хэ И ханшайым осы елге ұзатылған болатын. Ол елде Боло орманы бар, сол орманның арасында доп ойнайтын арнаулы алаңдар болады. Осы аймақтан Батыс теңізге дейінгі аймақтарда қоныстанған халықтардың барлығы балшық үйлерде тұрады. [5, 42 б.]

Осылайша бұл мемлекеттердің барлығы дерлік Түрік қағанаты кезінде отырықшылық мәдениеті дамып маңызды қалаларға айналған.

Қорытынды

Мақалада біз түркілердің тарих сахнасына шығуына, пайда болуына қатысты түрлі аңыздардан бастап, олардың алғашқы Түркі қағанатын құрып, Еуразиялық кеңістікте ерекше рөлге ие болғандығы туралы баяндадық. Сондай-ақ біз бұл мақалада қағанаттың Батыс Түрік қағанаты және Шығыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінуі, Батыс Түрік қағанаты кезеңіндегі гүлденуі мен көркею тұсын да айрықша атап көрсеттік. Жоғарыда айтылғандардан Батыс Түрік қағанаты ол кезде экономикалық, саяси, құқықтық жағынан біршама дамыған мемлекет болды деп қорытынды жасауға болады. Мемлекеттің ата-баба дәстүріне негізделген өз заңдары болды. Сауда қатынастарының дамуына әсер еткен еңбек бөлінісі болды. Батыс Түрік қағанатында егеменді елге тән барлық белгілер болды. Мемлекетте заңдылық пен тәртіп орнату үшін қоғамның барлық таптарына бағынатын заңдар болды. Сондай-ақ біз мақалада Ұлы Тан әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбаларға сәйкес қытай деректеріндегі бірнеше маңызы бар қала-кенттерге қысқаша шолу жасап өттік. Мақалада Ағни, Суйаб, Талас, Шаш, Ферғана сияқты қалалар туралы баяндадық. Оларға тән белгілер мен олардың дамуын жазып көрсеттік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Rene Grousset. The Empire of the Steppesa History of central Asia. – Beijing, 2004. – 81р.
2. Қайыркен Т.З. ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, 2021 ж. – 41-43 б.
3. <https://ortalyq.kz/220820200015-2/>
4. Майданали З. Древняя история Казахстана (тюркский период): Учебное пособие. – Алматы: Раритет, 2010. – 40 с.
5. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, I том, Б.Еженханұлы, Ж.Ошан, С.Сұңғатай аудармалар мен түсіндірмелер. Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 41-42 б.
6. К.Байпақов. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруана Ltd», 2007. – 118 б.